

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі N 345 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1316 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы келісімге хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі N 1345 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Аңдар Мәулешұлы Шоқпытовқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, 1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы азаматтарының визасыз жол жүрулері туралы келісімге хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы